

САЗГЕРДІҢ АҢСАР ӘНДЕРІ

Ел Зәрубай СҮЙІНДІКТІ ақын, күйші ретінде біледі. Оның сазгерлік дарыны өз алдына бір төбе. Қазақтың дәстүрлі әні бәсеңсіп, алдыға ойқастап эстрада әндері шыққан осынау заманда киелі әуеннің Шет топырағында туып, өмірімізге дендей енуі жанымызды семіртеді. Сөзі мен әуені шендесіп, жарасым тапқан мұндай дүниелер қазақтың саз өнері алтын қорынан орын алуға әбден құқылы. Сазгердің әндері бұрын да «Орталықта» басылып келген болатын. Бүгін оқырмандар назарына сазгердің жаңа үш туындысын беріп отырмыз. Келіңіздер, ән шырқайық. Зәрубай Сүйіндіктің әндерін!



Төрехан МАЙБАС.

Қарағанды

Сезі мен әнін жазған **Зәрубай СҮЙІНДІКҰЛЫ**

Қарағанды әсем қала,
Сұлу тіптен, көктемде.
Жарқ еткенде жасын аға,
Жалт етеді Нүркен дара.

Қайырмасы:

Жастығымның,
Шат күнімнің,
Арайлаған ақ таңы.
Ән-жыр кені,
Жан сырым ең,
Аңсарым сен, Қарағанды.
Әнім шырқап тасығанда,
Көзім түсер асылдарға.
Қалай осал боламын мен,
Бұқар дана, Қасым барда.

Қайырмасы.

Қара алтынды Қарағандым,
Білем бәрі сағынарын.
Алыс кетсем, арман қала,
Тұмарым сен, тағынарым!

Қайырмасы.

Ғашықпын мен гүлдеріңе,
Ай-жұлдызы түндеріңе.
Сарыарқаның самал лебі-ай,
Бәрі-бәрі жүрегімде!

Қайырмасы.



Сені іздейді

(Ақық ақын Сәкен СЕЙФУЛЛИННИҢ туғанына -120 жыл)

Өні мен сөзін жазған Зәрубай СҮЙІНДІҚҰЛЫ,
Нотаға түсірген Қайрат МҰСТАФИН

Өзіңменен әрленген-ді даламыз...
Өлі күнге жазылмай жүр жарамыз.
Ұлты үшін ұрандаған ұланның,
Ғұмырын кеп, оқ кескенін қараңыз!

Қайырмасы:

А-хау...

Сұлу Сәкен, Сері Сәкен, Сән Сәкен,
Кең даламда қалықтаған ән Сәкен.
Қарашілік жынғылы,
Ортауымның шың-құзы,
Көз ілмейді,
Сені іздейді,

Сарыарқаның желі іздейді.
Қазағымның бәрі іздейді, Сәкенім!

Ақ арманы айналды да айыпқа,
Мезгілінен ерте ұшты-ау ғайыпқа.
Көк аспанды, қанат қағар сұңқарға,
Айтыңдаршы осы тағдыр лайық па?!

Қайырмасы.

Жыр оқық, той тойлайық, күлейік,
Тұлпар орнын тай басады, түлейік.
Сәкен өскен, қазағыма құт болған,
Кең даланың амандығын тілейік!

Шырқай, сезіммен

Ө-зі-а-ме-ні-н әр-ле-н-ген-ді да-ла-мыз... Ө-лі күн-ге жа-зыл-май жүр жа-ра-мыз.
Ұ-ран-да-ған ұ-лан-ның. Ғ-ұ-мы-рын кеп оқ кес-ке-нін қа-ра-ңыз! А-хау...
Сұ-лу Сә-кен, Се-рі Сә-кен, Сән Сә-кен, Кең да-лам-да қал-ық-та-ған ән Сә-кен
Қа-ра-ші-лік жын-ғы-лы, Ор-тау-ым-ның шың-құ-зы, Көз іл-мей-ді, Се-ні-із-дей-ді,
Са-ры-ар-қа-ның жел-і-із-дей-ді. Қа-за-ғым-ның бә-рі-із-дей-ді, Сә-ке-нім!

Ақсу-Аюлы - аңсарым

Өні мен сөзі Зәрубай СҮЙІНДІҚҰЛЫНІКІ

Жұмбақ мынау ғаламда,
Сарыарқадай даламда.
Аюлы асқақ тауы бар,
Бетін сүйген жауындар.
Шет өңірі суы бал,
Нұра өзені нулы тал.
Тағылы мен Бұғылы,
Сұлулықтың, сұлулықтың ұғымы

Қайырмасы:

Ақсу, Ақсу-Аюлы,
Қасиетті далам-ай,
Ақсу, Ақсу-Аюлы,
Еркелетер анамдай.
Көгінде қыраны,
Ұрпағым ұраны.
Мөп-мөлдiр бұлағы,
Төгілген жыр-әні,
Төгілген жыр-әні,
Ақсу-Аюлы!
Сәкенімнің жырлары,
Қызыл гүлдей қырдағы.
Әбікеннің күйлері,
Жорғадайын күймелі.
Шет өңірі ғажабы,
Әндей ескен самалы.
Алаулаған ақ таңдай,
Ұл-қыздары, ұл-қыздары ақ маңдай.

Қайырмасы.

Көктем ерте жеткенде,
Асығамын көк белге.
Ақша бұлттар армандай,
Шақырады қол бұлғай.
Домбырамды қолға алып,
Талағайдай толғанып.
Сағынышым басылмай,
Ән саламын, ән саламын осылай.

Қайырмасы.

Көктем ерте жеткенде, асығамын көк белге.
Ақша бұлттар армандай, шақырады қол бұлғай.
Домбырамды қолға алып, талағайдай толғанып.
Сағынышым басылмай, ән саламын, ән саламын осылай.
Ақсу, Ақсу-Аюлы, қасиетті далам-ай, Ақсу, Ақсу-Аюлы, еркелетер анамдай.
Көгінде қыраны, ұрпағым ұраны.
Мөп-мөлдiр бұлағы, төгілген жыр-әні, төгілген жыр-әні, Ақсу-Аюлы!
Сәкенімнің жырлары, қызыл гүлдей қырдағы.
Әбікеннің күйлері, жорғадайын күймелі.
Шет өңірі ғажабы, әндей ескен самалы.
Алаулаған ақ таңдай, ұл-қыздары, ұл-қыздары ақ маңдай.